

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

эффективность инвестиций. Для реальных инвестиций, осуществляемых в течение нескольких лет, критерий PI (Profitability Index) имеет исключительно важное значение. Он определяется отношением суммы денежного потока, приведенного к настоящей стоимости, к сумме инвестиционных затрат:

$$PI = \sum_{k=1}^n \frac{P_k}{(1+r)^k} : IC$$

Логика критерия PI: если $PI > 1$ - инвестиции доходны и приемлемы в соответствии с выбранной ставкой дисконтирования; $PI < 1,0$ - инвестиции не способны генерировать требуемую ставку отдачи и неприемлемы; $PI = 0$ - рассматриваемое направление инвестиций в точности удовлетворяет выбранной ставке отдачи, которая равна IRR. Внутренняя норма доходности. Внутренняя норма доходности - это такое значение нормы доходности (нормы дисконта), при котором приведенные эффекты равны приведенным инвестициям, т.е. ставка дисконта, при которой $NPV = 0$.

Таким образом, принятие правильного решения для финансирования инвестиционного проекта требует не только расчета вышеуказанных показателей, но и анализа рынка. Товар, производимый предприятием должен сопровождаться спросом, хорошей системой менеджмента и качеством, а также должен быть конкурентоспособным. Так как многие инвестиционные проекты носят характер неопределенности, необходимо учитывать все риски связанные с неблагоприятными ситуациями и последствиями.

Список использованных источников:

1. Меньшенина А.В. Инвестиции: Конспект лекций (для студентов специальности 060400 «Финансы и кредит»), Омск: Изд-во ОмГУ, 2005.
2. Игонина Л.Л. Инвестиции: Учебное пособие / Под ред. В.А. Слепова. М.: Юрист, 2002. 480 с.
3. Колтынюк Б.А. Инвестиционные проекты: Учебник. СПб.: Издательство В.А. Михайлова, 2000. 422 с.

ӘОЖ 336.12

БЮДЖЕТ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Алинов Райымбек Нурланович

alinov.95@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті, «Қаржы» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші – э.ғ.к. Бұлақбай Ж.М.

Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің атқарылуын Қазақстан Республикасының Үкіметі қамтамасыз етеді. Бюджеттің атқарылуы ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарында басталып, 31 желтоқсанында аяқталады. Бюджеттің атқарылуы республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген тиісті қаржы жылына арналған бюджет қаражаты көлемінің шегінде жүзеге асырылады.

2014 жылы республикалық бюджет оған Қазақстан Республикасының «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 31 наурыздағы №182-V және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 қарашадағы №247-V Заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескерілетін «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық

бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №148-V Заңына және «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы №1329 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 1 сәуірдегі №293 және 2014 жылғы 14 қарашадағы №1199 қаулыларымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар ескерілген «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 желтоқсандағы №1329 қаулысына сәйкес атқарылды [1,2,3,4].

Қазіргі жағдайда мемлекеттік жоспарлаудың жүргізіліп отырған реформасының қажетті және маңызды элементі нәтижеге бағытталған бюджеттеудің енгізілуі болып табылады. Көзделген нәтижеге бағытталған бюджеттеуді енгізудің негізгі қағидаттары мен бағыттары бюджет жүйесінің барлық деңгейлерінің бюджеттеріне жатады.

1. Бюджетті жоспарлау сатысы.

Жоспарлау сатысында бюджет үдерісін реформалаудың негізгі бағыты бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру рәсімдерін сапалы қайта қарастыру болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерге негізделеді және стратегиялық бағыттар мен мақсаттарға сәйкес оларды пайдаланудың жоспарланған (іс жүзіндегі) нәтижелері мен бюджет қаражатын бөлу арасындағы тікелей байланысты көрсететін болады. Бюджеттік жоспарлау мемлекеттік органдардың Стратегиялық жоспарларында белгіленген мемлекеттік органдар қызметі нәтижелілігінің нысаналы индикаторларына қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Сондықтан да, бюджет үдерісінде нақты орта мерзімді бағдар шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджет үдерісінің барлық қатысушыларының жауапкершілігін арттыру мен дербестігін кенейту арқылы «нәтижелерді басқару» әдісіне көшудің тиімділігін қамтамасыз етуді нығайту қажет [8].

Бюджет қаражаттары көрсетілетін қызметтерге немесе қызмет түрлеріне тығыз байланысты болады, оларды жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарлама шеңберіндегі тікелей және түпкілікті нәтижелердің негіздемесіне басты назар аударылады. Бюджеттік бағдарламаларға қойылатын талаптар:

- көрсетілетін қызметке сәйкес келетін бағдарламалардың атауын нақты тұжырымдау;
- бюджеттік бағдарламалардың мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарына байланысы;

- тікелей нәтижелерді де (белгіленген көлемдегі қызметтерді көрсету), сондай-ақ түпкілікті нәтижелерді де (көрсетілген қызметтердің оны алушы-ларға тиімділігі) қоса алғанда, бюджеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелерді сандық бағалауына берілетін нұсқау;

- сапа мен тиімділікті өлшеу үшін көрсеткіштер жүйесінің болуы;
- бағдарламалар нәтижелеріне қол жеткізу үшін бюджет ресурстарына қажеттіліктің болуы және негіздемесі болып табылады.

Бірақ, мұндай талаптар қойылса да, бюджеттік жоспарлау өз кезегінде дұрыс жүргізілмейді. Бұған себеп ретінде келесі мәселелерді атап өтуге болады:

- бағдарламалық бюджеттеу құралдарын пайдалануда бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен ЭБЖМ салалық департаменттерінің институцио-налды дайын болмауы;

- бюджеттік бағдарламалар нәтижеге бағытталмаған, олардың іске асырылу мақсаттары мен міндеттері жасалмаған;

- мемлекеттік және салалық бағдарламалардың жекелеген шығыстары бюджеттік бағдарламалармен байланыспаған;

- бюджет шектерін қою іс-шаралары жетілмеген және олар НББ талап-тарына жауап бермейді.

Сондықтан да, бұл мәселелерді шешу алдында келесі іс-әрекеттер ұсынылады:

- бюджеттік бағдарламаларды ірілендіру (мемлекеттік орган ведомствалық (стратегиялық) жоспарының міндеттері бюджеттік бағдарлама, мемлекеттік орган

ведомствалық (стратегиялық) жоспарының міндеттерін іске асыру бойынша іс-шаралар бюджеттік бағдарламаның кіші бағдарламалары);

- бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің ведомствалық жоспарларын іске асыруды бағалаудың, олардың нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері жүйесін әзірлеу;

- бюджеттік үдерісте ББӨ-нің бір жылдық қызметінің бағдарламасы жөніндегі баянадамасы рөлін бекіту;

- бюджеттік бағдарлама паспортын бекіту және түзету іс-шараларын оңайлату;

- бюджет қаражатын бөлу және бағдарлама құнын анықтау кезінде шешімдер қабылдау құралы ретінде бағалауды енгізу;

- сырғымалы негізде үш жылға шығындардың шектерін белгілеу.

Бюджеттік бағдарламаның құрылымы қызметтерді қаржыландыру және мониторинг тұрғысынан тиімді болуы тиіс.

Мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларының жиынтығы нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлаудың бірыңғай үдерісі барысында әзірленген стратегиялық бағыттармен, мақсаттармен, түпкі нәтижелермен байланысындағы бюджет шығыстарының жоспарын білдіруі тиіс. Түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге арналған бюджет үдерісін қайта бағдарлау кезінде бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметтерінің ашықтығына кепілдік беретін және бюджет үдерісінің бюджет жобасын әзірлеудің өткен жылғы қызметінің қаржы нәтижелерін талдаудан және оның қаржы жылының ішінде орындалуынан бастап қаржы есептілігін құрғанға дейінгі барлық кезеңдерінде қаржылық ақпараттың қажетті көлемін қамтамасыз ететін сенімді және сапалы құралы болуы тиіс.

Жаңа бірыңғай бюджеттік сыныптама:

- шығыстарды сыныптау құрылымын мемлекеттік органдар көрсететін негізгі қызметтермен және олардың қызмет түрлерімен сәйкестендіруге;

- әртүрлі бюджет кезеңдеріндегі бюджет деректерін салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Нәтижеге бағытталған бюджеттеуге көшу бір жылдан асатын кезеңге арналған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлау, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінде бар және олар басқаратын ресурстар көлемінің болжамдылығын арттыру мақсатында орта мерзімді бюджетті қалыптастыруды көздейді. Өйткені, көптеген бюджеттік бағдарламалар бір қаржы жылының шегінде аяқталмайтындықтан, бюджеттік шығыстарды жоспарлау орта мерзімді перспективада жүзеге асырылуы қажет. Республикалық (жергілікті) бюджетті әзірлеудің жоспарланған мерзімі үш жылды құрайды. Бұл ретте, бекітілген бюджеттің екінші жылының жоспарланған көрсеткіштері сыртқы және ішкі факторлар мен жағдайлардың өзгеруін талдау есебінен келесі үш жылдық кезеңге арналған бюджет жобасын әзірлеу кезіндегі бастапқы қадам болады.


Бюджетті әзірлеу және бекіту үдерісі нақты шығыстық басымдықтарды әзірлеу мен оны іске асыруды бағалауға қайта бағдарлануы қажет. Бұл бюджетті әзірлеу мен бекіту ережесінің, бюджеттік құжаттар тізбесі мен форма-тының, сондай-ақ бюджет шығыстары көлемі мен құрылымының одан кейінгі өзгеруінің нақты тәртібін белгілеуге алып келеді [7,11].

2. Бюджетті атқару сатысы.

Бюджетті атқару сатысында бюджеттік бағдарлама әкімшісіне бюджет қаражатын шығыстардың функционалдық тобы бойынша бюджет қаражаты көлемінің шегінде бюджеттік бағдарламалар арасында да және бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері арасында да қайта бөлу жолымен оларды жедел басқару мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар, бюджетті атқару барысында бюджеттік бағдарлама әкімшісі Көрсеткіштердің стратегиялық жоспарларында әзірленген және бекітілген мониторингі негізінде өзіне алған міндеттемелерді орындау деңгейін қадағалайды.

Бюджетті атқару сатысы бұл бюджеттік үдерістегі басты сатылардың бірі болып табылады, себебі мұнда бюджеттің кассалық орындалуы жүргізіледі. Дегенмен, бұл сатының да өзіндік мәселелері бар:

- бекітілген және іс жүзіндегі кассалық шығыстардың сәйкестігін қамта-масыз ету;
 - нәтижеге емес, нысаналы және уақытылы пайдалануға бақылау жүргізу;
 - қандай жағдай болмасын қаражатты жыл соңында игеру, басқа іс-шара-ларға қаражатты қайта бағыттау мүмкіндігі берілмейді;
 - түсімдер жоспарын түзету және қаржыландыру, міндеттемелерді қабыл-дауға келісім беру бойынша қазынашылық процедуралар бюрократталған, бұл өз кезегінде оларды кешеуілдетуге әкеледі;
 - ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін ішкі бақылау әлсіз әрекет етуде.
- Мәселелерді шешу үшін ұсынылатын іс-әрекеттер келесідей:
- ішкі бақылау мен қаржылық менеджменттің институционалдық жүйесін әзірлеу мен енгізу;
 - төлем бойынша шығыстар есебі жүйесіне көшудің мақсаттылығын зерттеу;
 - ерекшелік құрылымын кіші сыныптарға дейін ірілендіру және актив-терді сатып алуға бағытталған, активтерді сатып алумен байланысы жоқ ерек-шелік шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шараларды айқын топтастыру.



Сурет 2 - Бюджетті атқару барысында мүмкін болатын қиындықтар.

Е с к е р т у – сурет [7]автормен құрастырылған.

Бюджеттің атқарылуы туралы есеп және мемлекеттік органның оның қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігінің көрсеткіштері туралы есебі ерекше маңызды, өйткені осы есептерді қамтитын деректер Стратегиялық жоспарда айқындалған нысаналы индикаторларды қайта қарау үшін (түзету) саяси шешімдер қабылдауға және алдағы кезеңге арналған бюджеттердің жобасын жасау үшін негіздеме қызметін атқаратын болады [7,11].

3. Бюджеттің атқарылуын бақылау сатысы.

Бюджеттің атқарылуын бақылау сатысында мемлекеттік органдардың қызмет нәтижелеріне қол жеткізуін бақылауға және бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін бағалауға маңызды рөл беріледі. Көбіне бұл сатыда есептілік, мониторинг және нәтижелерді бағалау жүргізіледі.

Бюджеттің атқарылуын бақылау бұл ауқымды жұмыстардың бірі болып табылады, оны жүзеге асыру барысында орын алатын бірқатар мәселелер де бар:

- бағдарламаларды атқару нәтижесін бағалау әдіснамасы жетілмеген;
- қаржы құралдарының қозғалысына бақылаудың асыра орындалуы (нәти-жені емес, шығындарды бақылау).

Осы мәселелердің алдын алу мақсатынды келесі іс-әрекеттер ұсынылады:

- бюджеттің атқарылуы туралы есепке мемлекеттік органның жалпы қызметінің нәтижесі туралы есепті қосу;
- өндірілген бюджет шығыстарын бағалау мен бақылауға ерік беретін көрсеткіштер жүйесін әзірлеу;

Сондай-ақ, бюджеттең атқарылуын бақылау сатысында бюджеттік бағдарламаны іске асыруға бағалау жүргізгенде нәтиженің нақты еместігі бо-йынша қиындықтар тууы мүмкін. Бұл жағдайда адамдардың субъективті және объективті жағы әсер етеді, себебі игерілмеген сомалардың орын алуы бұл сол органға қосымша бақылау жүргізуге алып келеді. Шешімдерді қабылдауда бюджет қаражатын алушылар, яғни ББӨ-не жауапкершілік беріледі.

Мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспары мемлекеттік, салалық және басқа да бағдарламалық құжаттарды іске асыруға және олардың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталмаған. Стратегиялық жоспардағы жекелеген бюджеттік бағдарламалардың тікелей және түпкілікті нәтижелері нақтыланбаған, сонымен бірге сандық және сапалық көрсеткіштермен бекітілмеген. Нысаналы трансферттерді жоспарлау мен пайдаланудың айқын және кешенді тетігінің болмауына байланысты жергілікті бюджеттер кірісін ұлғайтудың ішкі резервтері пайдаланылмай отыр, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік қаржы институттарының және екінші деңгейдегі банктердің шоттарында республикалық бюджет қаражатының елеулі қалдығы қалыптасуда.

Үкімет жылжымалы тәртіптегі үш жылдық бюджеттерде бекітілген өңірлер бөлінісіндегі басымды инвестициялық жобалар бойынша шешімдердің сабақтастығы принципін қамтамасыз етпеген. Республикалық бюджетті нақтылау кезінде өңірлер бойынша инвестициялық жобалардың тізбесі қайта қаралып, жобаны қаржыландыру секвестрленген. Бұл өңірлерде жобалардың іске асырылмауына және республикалық бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына әкеліп соқтырған.

Республикада мемлекет активтерін басқарудың тиімді жүйесі құрылмаған, дивидендтік саясат саласында бірыңғай және транспаренттік тәртіп жоқ. Дивиденд түсімдері көлемінің және мемлекеттік кәсіпорындардың бюджетке таза табысы бөлігінің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің таза табысына қатынасы төмен деңгейде қалып отыр. Жарғылық капиталдарды толықтыруға және ұлғайтуға бөлінген республикалық бюджет қаражаты жеткілікті дәрежеде тиімді пайдаланылмай отыр [8].

Стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың орындалуын, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілуін мониторингілеудің және бақылаудың тиімді жүйесі жасалмаған, бұл олардың іске асырылуына бөлінген қаражаттың тиімсіз пайдаланылуына әкеліп соқтыруда. Республикалық бюджет жобасын жоспарлау кезеңінде мұнайға қатысты емес кірістердің ұлғаюы үшін ішкі резервтердің қолдан шығарылған пайдалары республикалық бюджеттің шикізатқа тәуелділігін күшейте отырып, тапшылықты жабуда мемлекеттің тәуелділігі көлемінің артуына алып келеді.

Сонымен, бюджет процесін жетілдірудің іс- әрекеттерін нақтылай кетсек бюджет процесін жүргізуде, әсіресе бюджеттің атқарылуы кезінде өте күрделі мәселелер бар екені анықталды, әсіресе нормативтік құжаттардың сақталмауы, қаражаттың тиімсіз пайдаланылуы орын алып отыр.

Бюджет қаражатын тиімді қалыптастыру және атқару мақсатында ұсынылатын жүргізілуі тиіс іс-шаралар:

- мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес экономиканы одан әрі әртараптандыруды іске асыру мақсатында шетелдік инвестицияларды тарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларды кеңейту бойынша белсенді саясат жүргізу;

- ақша-кредит және салық-бюджет саясатының өзара байланысын күшейту жолымен Қазақстанның қаржы-кредиттік бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

- ҚО шеңберіндегі сауда балансының теріс сальдосының ұлғаюына назар аударып, себептерін анықтау және отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау;

- республикалық бюджет туралы заңда республикалық бағдарламалардың әкімшілері мен бюджет деңгейлері арасындағы республикалық бюджет қаражатын бөлу жөніндегі сілтемелік нормаларды қысқарту туралы мәселені қарау;

– экономиканы әртараптандыру саясатын сапалы іске асыру мен инвестициялық жобалардың индустриялық және инновациялық құрамдас бөліктерін қамтамасыз ету мақсатында Индустрияландыру картасына енгізілетін инвестициялық жобаларды іріктеу жүйесі мен өлшемдеріне қойылатын талаптарды күшейту;

– бюджеттік кредит беруді қайта құрылымдау шарттарының тізбесін регламенттеу, түпкі қарыз алушыларға бюджеттік кредиттерді беруге, соның ішінде олардың тиімсіз пайдаланылғанына қатысты бюджеттік рәсімдер мәселелерін реттеу бойынша бюджет заңнамасына өзгерістер енгізу;

– «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыру шеңберінде жаңа жұмыс орындарын құру және өңірлерде халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша басқа мемлекеттік және салалық бағдарламалармен өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу;

– мемлекеттің қатысуымен құрылған акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға, толықтыруға арналып жоспарланатын бюджет қаражатын айқындау әдістемесін жетілдіру; квазимемлекеттік сектордың түрлі субъектілерінің жұмыс істеу тиімділігінің өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау; осы өлшемдер мен көрсеткіштерді талдаудың негізінде акционерлік қоғамдардың, ЖШС-лардың, РМК-лердің және РМҚК-лердің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға, ұлғайтуға республикалық бюджеттен қаражат бөлу тетігін қарастыру; залалды РМҚК-лер санының ұлғаю себептерін анықтау және оларды оңтайландыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдау;

– уәкілетті ұйымдардың жүргізген сараптамалары үшін жауапкершілігін күшейте отырып, құрылыс құжаттарының (техникалық-экономикалық негіздеменің, жобалау-сметалық құжаттаманың) негізділігіне бақылауды қатайтып, инвестициялық жобаларды жоспарлаудың сапасын арттыру; инвестициялық жобаларға республикалық бюджеттен қаражат бөлу кезінде жергілікті бюджеттен және бюджеттен тыс қаражаттан қоса қаржыландырудың тиімділігі мен мүмкіндігін талдау;

– республикалық бюджет тапшылығының көлемін қысқарту, жобаларды қаржыландыру, атап айтқанда, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді беру үшін басқа да қаржы құралдарын пайдалана отырып, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және қор нарығына орналастыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу қажет [10].

Колданылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты [http:// www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/index/docs/dt=2014-03->
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000247/links>
3. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000148/history>
4. 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебі. [http:// www.government.kz](http://www.government.kz)
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми сайты [http:// economy.gov.kz](http://economy.gov.kz).
3. Тлеужанова Д. Бюджетаралық қатынастардың тұжырымдамалық негіздерін реттеуші салықтар көмегімен оңтайландыру// Қаржы-қаражат. – 2013. – № 4. – 59.
4. «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды дамыту үшін заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға бөлінген республикалық бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бақылаудың қорытындысы туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2012 жылғы 23 ақпандағы №6 Қаулысы.
5. Республикалық Бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ресми сайты [http:// www.esep.kz](http://www.esep.kz).
6. <http://www.mzsr.gov.kz/kk/node/122494>
7. С.Д.Жубаев, Ш.У. Ниязбекова, Г.С. Кодашева. «КЕДЕН ОДАҒЫНАН ЕУРАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА ӨТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ». <http://group->

УДК: 336.64

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПОНЯТИЯ «СОБСТВЕННЫЙ КАПИТАЛ ПРЕДПРИЯТИЯ» В СОВРЕМЕННОЙ ФИНАНСОВОЙ НАУКЕ

Алипова Феризат Багитжанкызы
feri_94@mail.ru

студент 4 курса специальности «Финансы»
Экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – к.э.н. РК и РФ, профессор Есымханова З.К.

Собственный капитал является экономической категорией, широко распространена в системе финансового менеджмента предприятия. Вместе с экономической сущностью и эволюцией этой категории свидетельствует о том, что она была известна еще задолго до зарождения механизма управления финансами предприятий. Собственный капитал составляет финансовую основу создания и развития предприятия любой формы собственности и организационно-правовой формы. Он выступает одним из важнейших факторов любой экономической деятельности фирмы. Процесс инвестирования собственного капитала и привлечения заемных средств для получения прибыли лежит в основе финансовой деятельности всех субъектов предпринимательства. Динамика собственного капитала может свидетельствовать о качестве финансового менеджмента на предприятии. Структура и эффективность использования собственного капитала предприятия непосредственно влияют на формирования благосостояния его собственников. Ведь собственный капитал предприятия является главным измерителем его рыночной стоимости.

Собственный капитал выступает одним из важнейших объектов финансового и управленческого учета, является основой информационного обеспечения финансового менеджмента. Он является объектом финансового анализа предприятия. Роль показателя «собственный капитал» для поддержания нормального финансового состояния предприятия настолько значима, что он получил законодательное подтверждение в Гражданском кодексе Республики Казахстан, в частности в части требований относительно соотношения уставного капитала и чистых активов обществ и товариществ. В связи с этим исследование вопросов формирования собственного капитала предприятия в современных условиях имеет особую актуальность.

Проблемы собственного капитала всегда были в центре внимания экономистов. Исследованием его сущности как экономической категории в теоретическом и практическом аспектах, его формированием и использованием в компании занимались отечественные и зарубежные ученые в разные времена экономического развития стран. Анализ различных мнений авторов относительно понятия собственного капитала предприятия свидетельствует, что современная теория и практика финансового менеджмента не имеет его общепринятого определения.

В экономической литературе можно встретить множество разных определений капитала, но и они не вносят полной ясности в вопрос о его содержании. Нами обобщены существующие подходы к определению понятия «капитал», что представлено в таблице 1.